

егемен Қазақстан

Ағысқа қарсы жүзген жазушы

Шығармашылық тағдыры тар жол, тайғақ кешуге толы талай ерекше талант иесі бар. Солардың бірі – орыстың әйгілі жазушысы – Михаил Афанасьевич Булгаков. Ол бар-жоғы 49 жыл өмір сүрді. Осы 49 жылдың ішінде ол артына өлмес мұра қалдырып кетті.



А.П.Чехов сияқты оның да мамандығы – дәрігер. Сондықтан да болар, оның әңгімелерінің негізгі тақырыбы дәрігерлер өмірінен алынған. Оның басты шығармалары: «Мастер мен Маргарита», «Ақ гвардия», «Турбиндер күндері», «Зойканың пәтері», «Мольер» («Кабала святош»), ондаған әңгімелер.

«Әр адам – өз тағдырының қожасы» деген қағида бар. Біздің санамызда бұл қағида өшпестей боп орын алған. Биік философиялық тұрғыдан қарағанда, бұл қағида бұлжымас тұжырымдай боп көрінуі мүмкін. Иә, адам туылады, өмір сүреді, мінез-құлқы қалыптасады, білім-парасатының деңгейі өседі, сол мінез бен ақыл-парасатының

дәрежесінің ықпалымен өмірде талай-талай өткелдерден өтеді, адамдармен араласады, қиындықтармен өз білгенінше күресіп бағады. Бұл – өз өмірінің қожасы деген тұжырымға апарар жол. Ал өмірде адам өз еркінен тыс оқиғаларға тап болады. Айталық, соғыс, репрессия, табиғат апаты...

2016 жылдың 15-мамырында М.Булгаковтың туғанына 125 жыл толғанына орай Ресей газеттері көлемді-көлемді мақалалар жариялап, оның өмірі мен шығармашылығына байланысты жаңа деректер ұсынды. Осы датаға байланысты «Комсомолская правда» газеті екі беттік мақала жариялады. Мақаланың бас жағына үлкен әріптермен: «15 мая 2016 года исполнилось 125 лет со дня рождения самого любимого властью антисоветского писателя М.А.Булгакова» деп бұған дейін айтылмай келген шындықтың бетін ашыпты.

Антисоветтік жазушы! Кеңес өкіметінің кезінде болса жазушыға берілген мұндай баға өлім жазасына шығарылған үкіммен бірдей болар еді.

Михаил Афанасьевич Булгаков шығармашылығына арнайы тоқталып отырғанымыздың өзіндік себебі бар. Оның бүкіл шығармашылық өмірі қылышынан қан тамып тұрған диктатор Сталиннің билік құрған кезімен тұспа-тұс келді. Бір адым оңға, бір адым солға бассаң да, тіпті түзу жүріп, түзу тұрсаң да, әлдеқалай біреулердің жаба салған жаласы үшін бастан айырылатын заман еді. Оны тексеріп, ақ-қарасын ажыратып жатпай-ақ ұзақ жылдарға лагерьге айдалып немесе өлім жазасына кесе салу оп-оңай болатын. Бүкіл совет халқы үрей мен қорқыныш құрсауында өмір сүрді. Қазақ халқының бетке ұстар азаматтарының түгелдей дерлік «Жапонияның шпионы», «ұлтшыл», «пантюкист», «троцкишіл-оппортунист» деген жалған жаламен сталиндік репрессияның құрбаны болған кезеңі де дәл осы кез болатын. Орыс ақын-жазушылары мен ойшылдарының, саяси қайраткерлер мен режиссерлердің «халық жаулары» деген айыппен айыпталып, айдалып, кейбіреулері жұмбақ жағдайда ана дүниеге аттанып жатты. Кеңес өкіметіне қарсы шығарма жазу былай тұрсын, тіпті, бір ауыз ағат айтылған сөз үшін оның авторын өлім күтіп тұрды. Ал Михаил Булгаковтың шығармалары, әсіресе «Ақ гвардия», «Қашқындар» («Бег») романдары мен «Турбиндер күндері» драмасының астарында Кеңес өкіметіне, большевиктер идеясына деген қарсылықты, орысша айтқанда, «көйлектің ішінен түйілген жұдырықты» көру қиын емес еді. Сөйте тұра, оның сталиндік репрессиядан аман қалуы, аман қалу былай тұрсын, «биліктің сүйікті жазушысына» айналуының сыры неде? Булгаков талантын көре алмаушылар «жоғары» жаққа оны «ақ гвардияшыл», «Кеңес өкіметіне қарсы», «Америкамен тығыз байланыста» «Американың Нью-Хевен қаласында пьесасы қойылып, романы басылып жатыр» деп әлденеше дүркін арыз жазғандарына қарамастан, сталиндік билік ондай арыздардың бір де біріне көңіл аудармады. Неге?

М.Булгаковтың «Турбиндер күндері» деп аталатын жеңіліс тапқан ақ гвардияшылардың өмірін көрсетуге арналған кең тынысты драмасы Мәскеудің академиялық драма театрында үлкен табыспен жүріп жатқан кезі болатын. Билетке кезекке тұрғандардың ұшы-қиыры көрінбейтін. Булгаков шығармашылығын зерттеушілердің, әсіресе жазушының соңғы жұбайы Елена Сергеевнаның жазуы бойынша бұл спектакльді Сталин 14 рет көріпті. Демек, спектакль оған қатты ұнаған, ұнамаса бір спектакльді 14 рет барып көрмес еді ғой. Бұл пьеса оған несімен ұнады? Қыруар шаруасын жиып қойып, ол бір театрдың бір спектакліне неліктен қатты көңіл бөлді? Булгаковқа қарсы топтың жойқын қарсылығының нәтижесінде спектакль МХАТ-тың репертуарынан алынып, «Известия» газетінде жарияланған бір мақалада: «Булгаков пьесалары келесі жылдан бастап барлық театрлардың сахналарынан аласталып, театр репертуарларының сауығу кезеңі басталды» деген сүйінші сұрағандай пікір жарық көрді. Араға бірнеше жылдар салып, Сталин МХАТ-тың кезекті бір спектаклін көруге барғанда театрдың бір жылдық репертуарынан Булгаковтың пьесасын таба алмай, ол театр басшыларынан: «Мұнда Булгаковтың пьесасы неге жоқ?» деп таңғалады. Табан астында жөнді жауап таба алмаған театр басшылары сасқалақтап: «Жолдас Сталин, театр әкімшілігі жазуды ұмытып кетіпті, келесі аптада қойылады» депті Сталиннің ол спектакльді 14 рет көргенін білетін басшылар. «Солай болсын» депті халықтар көсемі бір ауыз сөзбен барлық мәселені шешіп.

Сталиннің алдында «келесі аптада қойылады» деп табан астында уәде беріп қойған театр басшылары күні-түні репетиция жасап, бір аптаның ішінде «Турбиндер күндерін» қайта қалпына келтіреді.

Сол кездегі совет жазушыларының, әсіресе жазушы-драматург М.Булгаковтың саяси-моралдық көзқарастарында теріс бағыттағы элементтер пайда бола бастағаны жайлы газет-журнал беттерінде әртүрлі пікірлер жиі-жиі айтыла берген соң, Сталин өз кабинетіне бір топ жазушылармен әңгіме өткізеді. Әңгіме барысында Булгаков шығармашылығы жайлы сөз болып, кейбір антибулгаковшылар оның атына қатты-қатты сын айтады. «Біз қызыл гвардия туралы жазамыз, ол ақ гвардияны жазады. Біз қызыл армияның жеңістері туралы жазамыз, ол қашқындар туралы жазады. Мұндай шығармашылық тенденцияны қалай бағалауымыз керек?» деген мәселе қозғалады. Оны партия қатарынан және Жазушылар одағының мүшелігінен шығару керек. Өйткені ол моралдық жағынан да совет жазушысы деген атаққа мүлдем лайық емес, ол екі баласымен әйелін тастап, Мәскеу гарнизонының бастығы, полковник Шиловский жолдастың сүттей ұйып отырған отбасын бұзып, оның әйеліне үйленіп алды. Оның үстіне, Булгаков жолдастың ішкілікке құмарлығы да бәрімізге аян. Сондықтан оған саяси бюроның шара қолдануы орынды шешім боп табылар еді. Оның шығармашылық бағытында идеялық ауытқушылық бар екені жайлы көптеген мақалалар жарық көрді. Орталық Комитет сонда да ол мақалаларға мән бермей келеді. Шапса – балта өтпейтін, қақса шеге кірмейтін ол қандай ағаштан жаралған?». Бір ауыз артық сөз айтқаны үшін басынан айырылып жатқан мынандай қанқұйлы заманда «Ақ гвардия» романын жазғаны үшін, оның тез арада Америкада басылып шыққаны үшін ғана Булгаковқа өлім жазасы дап-дайын тұрған жоқ па? Олай болмады, керісінше, Булгаковты Сталин «ең сүйікті жазушым» деп атады. Сталиннің сөзі Булгаковтың жауларының аузына құм құйды. Жазушылармен өткен кезекті бір кездесуінде Сталин былай деді: «Рас, сіздер қызыл армияны, оның ерлігін жазасыздар, мен оны ерекше бағалаймын. Сіздердің жазғандарыңызға қарағанда қызыл армия оп-оңай жеңіске жете беретін сияқты. Оны барлық жерде қарапайым халық құшақ жая қарсы ала береді. Шындығында солай ма еді? Ондай жағдайда бізге армияның керегі қанша? Барлық жерде Кеңес өкіметі өзінен-өзі орнап жатыр екен ғой. Онда біз кіммен күрестік, кімнің қанын төктік? Бұл шындықты бүркемелеу. Ал Булгаков болса, ащы шындықты жазды. Басқалар секілді ол ағыстың ығымен кеткен жоқ, ағысқа қарсы жүзді, он идет против шерсти», – деп тағы да Булгаков төңірегінде пайда бола бастаған даудамайға біржолата нүкте қойды. Соған қарағанда, оның ішкі дүниесінде өмірдің шындығын мойындайтын, ақ-қарасын ажырата білетін екінші Сталин өмір сүрген секілді. Жас мемлекеттің ішкі-сыртқы жауларымен арпалысып, тәулігіне 4-5 сағат қана ұйықтайтын Сталин көркем шығармалардың көпшілігін өзі оқып, баға беріп отырды. Эрдманның «Портрет» деп аталатын драмасын оқып шығып, әр жеріне белгі соғып, авторға қайтарып береді, ал ол болса қайта жөндеп, Сталинге екінші рет ұсынады. Сталин жөнделген нұсқаны оқып шығып, «Тов.Станиславскому» деген бұрыштамамен МХАТ-қа жібереді. «Чапаев» фильмін 34 рет көреді, Булгаковтың «Турбиндер күндерін» 14 рет тамашалайды, Үлкен театрдың кезекті бір жаңа қойылымын көріп болған соң тура залда отырып қойылымды талқылауды ұйымдастырады. Спектакльдің көркемдік деңгейінің өте төмен екеніне тоқталады. «Жолдас Сталин, совет музыкасының қалай дамығанын көріңіз» деп үлкен театрға зор мақтанышпен алып барған Ждановты машинасына мінгізбей жаяу тастап кетеді. Ашуға мінген Сталин: «Рассвет Советской музыки! Пешком пойдешь», – деп машинасының есігін тарс жауып алады да, жүріп кетеді. Сталиннің бұдан басқа да көркем шығармаларды оқып, талай-талай премьераларға қатысып, пікір айтқан кездері сол кездегі өнер, әдебиет қайраткерлерінің естелігінде көптеп кездеседі. Красноярск аймағындағы Турухан даласында айдауда жүрген кезінде Сталиннің өлең жазғаны, оны өмір бойы ешкімге көрсетпегені жайлы болжам-естеліктердің шын болғанын көркем әдебиет пен театр спектакльдеріне берген бағасынан пайымдауға болады. Булгаковтың өмір шындығын шеберлікпен суреттей білетін талантын, бәлкім, «данышпан жауыз» (злой

гений) іштей мойындаған болса керек. Әйтпесе, Булгаков шығармашылығына «ол – ағысқа қарсы жүзетін жазушы» деп әдебиетшілердің өзі айта қоймаған анықтама бере алар ма еді? Булгаковтың Сталинге жазған хатының өзі неге тұрады. Егер дәл осындай мазмұндағы хатты Булгаковтан басқа жазушы жазса, Сталин оның үйіне телефон соғып, мәнжайды сұрамақ түгілі, көптің бірі етіп, репрессия құрбандығына айналдыра салуы әбден мүмкін еді. Хаттың мәтіні мынау: «Мен, Михаил Булгаков, ешқашан саясатпен айналысқан адам емеспін, бар-жоғы қатардағы жазушы ғанамын. Партия қатарында болмасам да бүкіл саналы өмірімді совет әдебиетіне, совет сахнасына арнап келемін. Бірақ соңғы жылдары барлық пьесаларым сахнадан алынып тасталып, кітаптарым баспадан аластатылып отыр. «Шіркін, осы адамдардан шеге жасар ма еді!» деп армандайтын адам мен емес екенмін, шеге жасауға болмайтын ет пен сүйектен, тозған жүйкеден, қан қысымы жоғары аурушаң адаммын. Барлық күш-жігерім шығарма жазуға емес, көрінбейтін қастарыммен күрсеуге, қызғаныштың қызыл итімен ырылдасуға, одан қалған қайратымды адамдық, жазушылық, намысыңды қорлайтын күн көру қамымен әр басшыға жалтақтап, алақан жайып өмір сүруге мәжбүрмін. Егер бұл елге ақыл мен дарын қажет болмаса, олардың алдында екі-ақ таңдау қалады: ішқұса боп өлу не шетелге кету. Кеңес өкіметінің гуманистік саясатына сене отырып әрі менің ашып айтқан арызымды дұрыс түсінеді деген үмітпен мынадай өтініш білдіргім келеді. Маған және зайыбым Любовь Евгеньевна Булгаковаға Кеңес Одағынан тысқары жерге кетуімізге рұқсат берулеріңізді сұраймын...».

Бұл хаттың мәтінін Булгаковтың диктовкасымен Елена Сергеевна машинкаға басқан. Оның әлі Булгаковпен некеге отырмаған кезі. Ал, Елена Шиловская хаттың соңғы жағын өзгертіп, былай деп жазады «...маған және зайыбым Елена Сергеевна Булгаковамен Кеңес Одағынан тысқары жерге кетуімізге рұқсат беруіңізді сұраймын...». «Сенің есің дұрыс емес, Люси! Бұл хатты Сталиннің өзі оқуы мүмкін. Ал сен екеуміз әлі некеге отырған жоқпыз», «Неке дегенің бар болғаны жүзік салынған суды ішу ме? Мен ондай суды бұдан бұрын екі рет ішкенмін». – Ол жүзікті кеседегі суға салып, Булгаковқа ұсынады. – «Бұл суға дем салынбаған. Бұл – рәсімді қорлау ғой». «Құдайсыз елде әркім өзінше құдай. Өке мен баланың және қасиетті рухтың атынан іш, Булгаков!». Булгаков суды ішіп салады.

– Міне, екеуміз некелестік! – дейді Елена қалған суды ішіп болып.

Сталин хатты оқып болып, Булгаковтың үйіне өзі телефон соғады. Кездесуге шақырады. Кездесуге ол ескі бәтеңкесімен келген екен. Оны көрген Сталин саяси бюроның мүшелерінің көзінше: «–Ә-ә, менің сүйікті жазушымының етігі жоқ екен ғой» деп Кагановичтің етігін шештіріп, Булгаковқа кигізеді.

– Еврейдің етігін орыс жазушысы киіп жүрсе күнә бола қоймас, – деп Сталин рахаттана күлген көрінеді.

Бұл оқиғадан Сталиннің Булгаковқа деген ерекше ықыласын көруге болады. Сталиннің оған деген ерекше ілтипаты қалғандардың намысына тиіп, жазушыға деген қызғаныш отын үрлей түседі. Тіпті Булгаковтың Жуховицкиге айтқан сөзі Сталиннің құлағына жетсе де «злой гений» оған мән де бермейді. «Россияға қазір үлкен әдебиеттің қажеті жоқ. Россияға тіпті, ештеңе де қажет емес. Бұл елде ақылды, іскер, адал болған сайын оның құны да төмендей береді. Россияға қазір басын тік көтеріп жүретін адам емес, еңкейіп жүретін, қалай бұрыл десе солай бұрылатын, баспен емес, қарынмен ойлайтын адамдар керек» деп ашына айтқан уытты сөзіне Сталиннің мән бермегені жұмбақ құбылыс деуге болады. «Комсомолская правда» газетінің 2018 жылғы 26 сәуір айындағы нөмірінде мынадай таңғаларлық мәлімет жарияланды. Сталиннің кезінде әр 100 мыңға 583 адам, ал Ельциннің кезінде сол 100 мыңға қамауда отырғандар 647 адамнан асыпты. Асыра сілтеу болғанын Сталиннің өзі де мойындаған.

«Ком.правда» газетінде құпия архивтен тағы бір сенсациялық мағлұмат жарияланды. 1946 жылы Сталин Жоғарғы Кеңес Президиумының отырысында былай депті: «Генералиссусс» атағы сізге лайық деп жан-жғымнан анталап қоймадыңыздар. Ал

мен ақымақ, сендердің айтқандарына көне салыппын! Мемлекет басшысына атақтың керегі жоқ!».

Сталин Булгаковтың шетелге кетпек болған ниетінен айнытып, оған барлық жағдайын жасап береді.

Булгаков шығармашылығын зерттеушілердің кейбір естеліктеріне қарағанда, Сталиннің жазушыға деген ерекше ілтипаты оның ұлы көсемнің жастық шағы туралы пьеса жазбақ боп жүргенін естігендіктен болар деген де болжам айтылады. Бұл болжамға құлай сенудің реті жоқ. Сталин ондай мақтауға, өзі туралы шығармаға зәру емес еді.

Қайткен күнде де, осы оқиғалардан соң Булгаковқа қарсы астыртын әрекет күшейе түседі.

Михаил Булгаковтың өмірі қайшылыққа толы болды. Кейбір естеліктерде оның бас ауруы да жазушының қалыпты өмір сүруіне көп кесірін тигізді. Жазушының Украинада земстволық фельдшер боп жүрген кезде морфиді жиі пайдаланғанын, есейе келе, сол кесірлі препаратқа тәуелді болғанын да там-тұмдап айтып өтеді. Мұндай пікірдің тарауына жазушының «Морфи» деген алғашқы әңгімесі себеп болса керек.

Украинадан Мәскеуге 1921 жылы көшіп келген Михаил Булгаков Большая Садовая көшесіндегі 10-үйдің 50 пәтеріне әйелі Татьяна Лаппа екеуі қоныстанады. Дәл осы үйде сол кездегі атақты театр суретшісі Георгий Якуловтың шеберханасы болатын. Оның шеберханасына әйгілі адамдар көп жиналатын. Олардың арасында оқу-ағарту наркомы Луначарский, ақындар Андрей Белый, Сергей Есенин, режиссер Мейерхольд сияқты ұлы тұлғалар болды. Есенин дәл осы шеберханада Айседора Дунканмен танысып, атақты биші Есениннен 18 жас үлкен болса да, олар бірін-бірі өте жақсы көрді. Ал бұдан бұрын дәл осы үйде 1918 жылы Ленинге қастандық жасаған Фанни Каплан тұрған. Тіпті, дәл Булгаковтар қоныстанған 50-пәтерде тұрып, Ленинді атуға осы пәтерден аттанған. 1918 жылы 30 тамызда Каплан үйден шығып, сол бойы қайтпады. Ленинге қастандықпен екі рет оқ атқаны үшін большевиктер оны Кремль алаңында атып тастады.

Ескерте кететін қызық жайт: Тарихи факт бойынша Каплан екі рет оқ атқан. Бірақ оқ атылған жерден екеу емес, 4 гильза табылған. Бұл – әлі күнге дейін ашылмаған жұмбақ.

Бұл үйді әу баста, 1903-1904 жылдары сол кездегі атақты «Дукат» темекі фабрикасының қожасы көпес Илья Пигит салдырған, бірнеше пәтерден тұратын зәулім үй болатын. Пигит қайтыс болған соң, өзінен тараған перзент болмағандықтан, бұл үй Пигиттің ағасының қызы Аннаға тиесілі болды. Бұл жағдайды тәптіштеп айтып тұрған себебіміз – Булгаков бұл үйді «Нехороший дом» деп атаған. Өйткені Анна 1907 жылы эсерлердің террористік тобына кіріп, сол жылы II Николай патшаға қастандық жасамақ болғаны үшін Забайкалға жер аударылады. Сол жерде ол Киев генерал-губернаторын өлтірмек болған әрекеті үшін жер аударылған Фанни Капланмен танысып, екеуі жақын құрбыға айналады. Патша үкіметі құлаған соң Керенскийдің амнистиясына ілігіп, екеуі де Аннаның бұрынғы үйіне қайтып келеді. Большевиктер бұл үйді мемлекет меншігіне алған соң, мұнда келіп әртүрлі мамандық иесі топырлап тұра бастады. Сондай топырдың бірі боп 50-пәтерге Булгаковтар отбасы да қоныстанған еді. Күнде арақ ішу, айғай-шу, төбелес. Әрі бұрынғы тарихы мен бүгінгі бей-берекетсіздігіне байланысты Булгаков бұл үйді «Нехороший дом» деп атап кетті. Осындай у-шу, даңғаза жағдайда үш жыл өмір сүріп, сол кезеңнің өзінде Булгаков «Ақ гвардия», «Дьяволиада», «Роковые яйца», «Записки на манжете» сияқты атақты шығармаларын, очерктер мен фельетондарын жариялады. Коммуналкадағы көптеген көршілері Булгаков романдарына прототип боп енді. Анна Горячева – «Мастер мен Маргарита» романындағы трамвай линиясына май төгіп алатын Аннушка. «№13-эллиотребкоммунадағыүй» әңгімесінде дәл 50-пәтерде тұрған Аннушка алынған. Ал арақтан аузы құрғамайтын типография жұмысшыларының бейнесі жазушының «Самогон көлі» әңгімесіне арқау болды. «Мастер мен Маргарита» романындағы басты кейіпкер, жұмбақ сиқыр иесі Воланд дәл осы үйді штабка айналдырады. Булгаков шығармасынан кейін бұл үй ең атақты, құпияға толы үйге айналды. Булгаков осы үйге әкеп «жын-перілердің тобын» «қоныстандырды». Аззелло, Кот Бегамот,

Коровьев-Фагот, Гелла. Мұнымен қатар, атеистік кеңес елінің зәресін ұшырған Иешуа Го-Ноцри да барып тұрған «дьяволщина» боп қабылданды. Шіркеулер мен мешіттерді қиратып жатқан құдайсыз елде Понти Пилат пен Го-Ноцри (Иисус Христос) жайлы шығарманың жазылуы бұлтсыз күнгі найзағайдай қабылданған еді. Ал Фанни Капланмен дос болған, бір пәтерде тұрған Анна Пигиттің үйіне чекистер сау етіп кіріп келіп, Аннаны да, ағасы Дмитрийді де тергеуге алып кетеді. Бірақ олардың Капланмен бірге тұрғанымен онымен ешқандай байланысы болмағаны дәлелденіп, олар босап шығады. Әрі-беріден соң, 1924 жылы Ленин қайтыс болғанда Анна Пигит бұрынғы каторгалықтар қоғамының атынан көсемнің басында құрметті қарауылға тұру құрметіне ие болды.

1938 жылы №5 пәтерге чекистер қайта лап қойды. Аннаны тұтқындап алып кетеді. Бұл жолы Анна үйіне қайта оралмады. Эсерлердің контрреволюциялық ұйымының мүшесі ретінде оны сол күні-ақ атып тастады.

Осындай шатасқан оқиғалардың ордасы болған Большая Садовая көшесіндегі 10-үй Булгаковтың мистикалық «Мастер мен Маргарита» романын жазуға басты себеп болды.

Роман автордың көзі тірі кезінде жарыққа шыққан жоқ. Ол өткен ғасырдың 60-жылдары ғана цензураның қатал тексерулерінен соң жарық көрді. Оның шығармалары да автордың өмірі секілді қиялға сыя қоймайтын қилы-қилы тағдырды бастан кешірді. Әлі де кешіріп келеді. Украина билігі Булгаковтың «Мастер мен Маргарита» романын «жын-пері жайлы жазылған, бүгінгі оқырманның психикасына тигізер зияны мол» деп романның елге тарауына тыйым салды. Ал осы роман бойынша түсірілген фильмге қатысқан актерлердің көпшілігі құпия науқасқа шалдығып, кейбіреулері жұмбақ жағдайда қайтыс болды.

Осы мақаланың авторы 2002 жылы Булгаков өмірі жайлы «Тор» («Сети дьявола») деген драма жазып, ол ең әуелі Қостанай облыстық қазақ драма театрында, 2004 жылы Алматыдағы М.Ю.Лермонтов атындағы академиялық орыс драма театрында, 2006 жылы Санкт-Петербургтегі В.Малышицкий театрында қойылды. Сөз реті келгенде айта кету айып болмас, бұл пьесаның сахнаға қойылуы да әрқилы болды. 2004 жылы Қостанай облыстық драма театры сахналаған нұсқасында марқұм Жамбыл Есімбеков «Раздвоение личности» дегенді тура мағынасында түсінгендіктен бе екен, спектакльде бір Булгаков екіге бөлініп, олар тіпті шпагамен бір-бірімен жекпе-жекке шығып жүр. Сталин де сахнаға шығып, Булгаковтың сөзін айтып жүр. Премьераны көруге үш адам барған едік: Әшірбек Сығай, булгаковтанушы, ғылым докторы Виктор Бадиков. Қойылым бәрімізге де ұнамады. Актерлерде кінә жоқ, тек олар режиссердің жаңсақ түсінігінің құрбандығына айналып кетіпті.

Мен сахнаға шығып, театр ұжымына, барын салып ойнаған актерлерге рахмет айтып, бұл спектакльді бұдан былай жұртқа көрсеткеннен гөрі көрсетпеген пайдалырақ болар деген пікір айттым.

Қойылым тоқтап қалды.

Рубен Андриасянның Лермонтов театрындағы қойылымы, әрине, ерекше болды. Біздің қазақ театрларынан гөрі мұнда қойылғалы жатқан пьесаға деген ықылас пен жауапкершілік аспан мен жердей деуге болады.

Көркемдік Кеңесте пьеса қабылданды. Рөлдер бөлінді. Композитор мен суретші өз жұмыстарына кірісіп кетті. Енді режиссер пьеса мәтінімен жұмыс істеуге кірісті. Ол қалай болды?

Біз, яғни, төрт адам – автор, қоюшы режиссер, булгаковтанушы В.Бадиков, аудармашы А. Арцишевский бәріміз Андриасянның саяжайына жиналып, күні бойы мәтінмен жұмыс істедік. Андриасян әр сөйлемді асықпай оқып отырады да, әрбір сөйлемдегі басты ой қандай және қай сөзге екпін түсіре алуы керек? Міне, дәл осындай әдіспен пьесаның аяғына дейін талдап шықтық. Талдай отырып, пьесаның артық-кем тұстарын редакцияладық: жөндеу, артық сөздерді алып тастау, актердің айтуына ауыр тиетін қиын сөздерді мағынасын сақтай отырып, басқа сөзбен алмастыру, әрбір көріністің

өз мақсатын анықтай түсу, композициялық тұтастықты сақтау үшін эпизодтардың орнын алмастыру, әрбір репликадағы басты сөзді актер үшін астын сызып көрсету, т.б.

Үшеуміз үш жақтап пікір айтып, режиссер, әрине болашақ спектакльдің «қожайыны» ретінде өз пікірін қорғап, қызыл кеңірдек боп айтысып жүріп болашақ спектакльдің сұлбасын жасап бітіп, ортақ бір пікірге тоқтаған соң барып «уһ» деп, Андриасян армян шашлығын қақтауға кірісіп еді.

Премьера зор табыспен өтті.

Репетиция барысында қызық оқиға болды. Әуелгіде Андриасян мені репетицияға жиі-жиі шақырып тұрамын деп «қорқытқан» еді. Жарайды, уақыт тауып келіп тұрармын» деп уәде бергенмін. Театрда репетицияның басталып кеткенін білемін. Андриасяннан хабар жоқ. Жарты ай өтті, бір ай өтті, екі ай өтті – ол болса құдыққа құлап кеткендей үнсіз жатыр. Телефон соға қалсам: «келесі аптада», «ертең», «бүрсүгіні» деп сырдаңдатып жүріп, ақыры мені үлкен көркемдік кеңеске тапсыру кезеңіне бір-ақ шақырды. Ертесіне премьерә. Мен жатып кеп ашуландым. «Мұның не? Репетицияға үзбей шақырып тұрамын деп «қорқытқаның» қайда?» Менің наразылығымды ұзақ уақыт үндемей тыңдап болған соң оның айтқан сөзі: «Дулат, кешір, шынымды айтсам, мен тірі авторларды онша ұната бермеймін. Олар жұмысқа кедергі жасайды» дегені. «Ә-ә, солай ма? Тірі автордың саған керегі жоқ екен ғой. Сен өз театрыңдағы бүкіл репертуарды Шекспирден бастап баяғыда қайтыс болған авторлардан құрайтының сондықтан екен ғой».

Премьераның сәтті өтуі өкпе-реніштің бәрін жуып-шайып кеткендей болды. Әсіресе, фонограммамен берілетін Сталиннің Булгаковпен телефон арқылы айтқан сөздерін Андриасянның оқуында өте әсерлі шығып еді. Дәл Сталиннің өзі сөйлеп тұрғандай естілген болатын.

Ал 2006 жылдың 1 шілдесінде Санкт-Петербургтің Малышицкий театрындағы қойылған спектакльде Сталин сахнаға шыққан жоқ, тек сөйлеген кезде сахнаның оң жақ биігінен үлкен терезеден Сталин бейнесіндегі актер көрініп, Булгаковпен сөйлесіп отырады.

Бүкіл Қазақстандағы қазақ-орыс театрымен салыстырғанда үш жүз жылдық тарихы бар орыс театры емес пе, репетицияға кіріспес бұрын олар телефон арқылы мәтіндік сын-ескертпелерін жіпке тізіп, бірнеше сұрақтары мен өз ұсыныстарын айтып еді. Мен олардың әрбір ұсынысына жауап бердім. Ақыр соңында театрдың көркемдік жетекшісі В.Малышицкий телефон соғып, қарлығыңқы дауыспен: «Дулат, егер мүмкіндігің болса Петербургке дәл премьерә болатын күні емес, 4-5 күн бұрынырақ келсең игі болар еді. Қойылым бойынша сын-ескертпелеріңнің болмай қоюы мүмкін емес. Сол сын-ескертпелеріңді жөндеу үшін бізге уақыт керек. Ерте келгенің үшін қонақүйдің ақшасын біз-ақ төлейік» деген ұсыныс айтты.

Әйелім, екі немерем – Мерей мен Әлкейді алып, Санкт-Петербургке маусым айының 27-сі күні келіп жеттік.

Репетицияға қатыстым.

Олар менің ескертулерімді қолдарынан келгенше жөндеп бақты.

Бір пьеса, үш театр. Үшеуінің қойылымы үш бөлек.

Малышицкийдің спектаклі құрылымы жағынан – жабық финал, яғни, барлық кейіпкерлердің тағдыры белгілі. Қойылымның финалы – режиссерлық ұшқыр ізденісінің жемісі деп айтар едім. Қойылым оқиғасы біткен соң, Булгаков айналмалы сатымен жоғары өрлей береді. Ол жасаған кейіпкерлердің бәрі – театрдың бүкіл әртістері қолдарын жайып, Булгаковты аспанға шығарып салып тұр. «Жер үстіндегі кінәлі тіршіліктен шаршдың, Булгаков. Біз саған ризамыз. Бәрімізді өмірге сен әкелдің. Енді Аспаныңа барып демал!» деп қоштасып тұр. Булгаков сатының ең биігіне көтеріліп, төменгі жаққа күлімсіреп бір қарайды да, кейіпкерлерімен үнсіз қоштасып, жоқ боп кетеді. Мұндай көрініс мен жазған пьесада жоқ. Бірақ пьесаның рухына сай Булгаковтың аспанға шығып, мәңгілікке аттануы Малышицкийдің режиссерлық батыл шешімі еді.

Кейбір көрермендердің көздеріне жас алып отырғанын көріп, мен де толқып кеттім.

Қойылым біткен соң белгілі жазушы Юрий Рытхэу театр ұжымын, әсіресе, Малышицкийдің батыл да тапқыр режиссурасын аспанға шығара мақтай келіп, өкпе-назын да жайып салды.

– Мен сіздердің театрларыңызбен көрші тұрамын. Бірақ бір де бір премьераларыңызға шақырған жоқсыздар. Жақында ғана досым Шыңғыс Айтматовтың «Ғасырдан да ұзақ күн» пьесасын қойдыңыздар. Оған да шақырмадыңыздар. Мен бүгінгі спектакльге Ақтөбе қаласында демалып жатқан Әбдіжәміл Нұрпейісовтің шақыруымен келіп отырмын. Ол айтты, сенің үйіңнің іргесіндегі театрда Дулат Исабековтің пьесасының премьерасы болады. Даниил Гранинге телефон соқсам, ол дачасына кетіп қалыпты. Өзің білесің, оның дачасы қаладан 140 шақырым. Тым болмаса сен бар, көріп шыққан соң пікіріңді айтарсың» деген соң келіп отырмын. Дулаттың прозасын білсем де, пьесасын білмейді екенмін. Аспанда жүрген Булгаков өзі жайлы алыстағы қазақ жазушысының пьеса жазғанына, ол пьесаны сіздердің сахналағандарыңызға риза боп, күлімсіреп қарап тұрған шығар. Сол үшін сіздерге рахмет! – деп шын жүректен толқи сөйлеп еді.

Сонымен, Сталиннің репрессиясынан аман өткен орыстың ұлы жазушы-драматургы қызғаныштың репрессиясынан аман қалмады. Сталиннің оған деген «мейірімін» түсіне алмай, әрі оны Нобель сыйлығына ұсынып қалуы мүмкін деген шетел мамандарының аузынан шыққан алып-қашпа пікір оның шығармашылығын тұншықтыруға тырысқан топтың іс-әрекетін күшейте түсті. Газеттерде Булгаковқа қарсы мақалалар басылып, бір кездері «Булгаков пьесаларының бесігі» атанған Мәскеудің академиялық драма театры сол көре алмаушылықтың салдарынан «Булгаков пьесаларының моласына» (Булгаковтың сөзі) айналып шыға келді. Жастайынан жабысқан бас ауруы (мигрень) бірте-бірте күшейіп, оның арты жүйке ауруына ұласып, Абай айтқандай, «мыңмен жалғыз алысып», көрінбейтін жауларын жеңе алмай, 1940 жылы небәрі 49 жасында қайтыс болды. Оның шығармалары соңынан әр-түрлі пікірлерді шұбыртып, әлі күнге дейін өмір сүріп келеді. Ресей кітап палатасының 2017 жылғы мәліметі бойынша, реалист жазушылардың арасынан Булгаков шығармалары оқырмандары мен көрермендерінің молдығы жөнінен Э.М.Ремарк бастаған ондыққа енеді екен. Булгаков феномені деген осы.

Кейбір замандастарының естелігі бойынша, Булгаков өзі айтып жүргендей соншалықты мұқтаждықта өмір сүрмеген көрінеді. Ол баршылықта өмір сүріпті. Ол өзінің әйелдерімен қоса басқа да әйелдерге қымбат сыйлықтар жасап тұрған. Жазушының кешкі асы қара уылдырықтан, әртүрлі экзотикалық жемістерден, лосось балығынан тұратын. Оның үй қызметшісі де болды, әйеліне ылғи да арнайы шаштараз, маникюр жасаушы қызметкерлер келіп тұрды. Соған қарамастан, ең таңғаларлығы сол, үкіметке хаттар жазу жағынан ол «чемпион» болатын. Сталинге, басқа да үкімет мүшелеріне жазған хаттары аз емес. Оның тілек-талаптары ылғи да қанағаттандырылып келді. Соның өтіліміне, үкімет жағы одан «жаңа өмірдің жарқын көрінісін жырлайтын, октябрьдің 20 жылдығына орай ұтымды шығарма жазуын» сұрайтын. Өмір бойы үлкен пәтерді армандап өткен Булгаков өзінің табиғатына сай келмейтін: «Үлкен пәтер үшін МХАТ-қа ғана емес, сайтанға да сатылуға дайынмын» деген сөздерінің хатқа түсіп қалғаны бар.

Бәлкім, өмір бойы кең де жайлы пәтерді армандап келген Булгаков бұл сөздерді ызалы сарказммен айтса айтқан болар. «Адамды тұрмыс билейді» деп К. Маркс айтқандай, тұрмыс ауыртпалығы мендеген шағында ет пен сүйектен тұратын пенде атаулының ашу-ызасы ақыл-ойын ауыздықтауға шамасы жетпей қалатын сәттері де болатын шығар.

«Мольерді» жазған Булгаковтың өзі де орыс драматургиясында Мольердей өшпес із қалдырды.

Дулат Исабеков
жазушы